КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 3 шілде 7119-25-00-2/5324 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.К.Кусманова,
сот отырысының хатшысы К.Д. Жайлау қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК)

ЖАУАПКЕР:
Даурен Батырбекович Ниязов жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі К.М. Ахмедиева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 16 наурызда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 000540000235/250092/00 шарт (бұдан әрі – Шарт) түзілген, оның талаптарына сәйкес Жауапкер талапкерге 10 900 теңге сомасына 50 дана антистеплер қапсырма үшін тауарды жеткізуді өз міндетіне алған.

Шартқа арналған №1 қосымшаға сәйкес тауарды жеткізу мерзімі шартқа Шарт жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күн. Сәйкесінше, тауарларды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 31 наурызда өткен.

Белгіленген мерзімде техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауарды жауапкер жеткізбеген. Соған орай, талапкер жауапкерге мемлекеттік сатып алу порталында Шартты бұзу туралы хабарландырма жолдаған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2025 жылғы 1 шілдеде шарт біржақты тәртіпте бұзылған.

Талапкер талап қою арызда жауапкер шарттың міндеттемелерін орындамаған, бұл оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануға негіз болады деп көрсеткен.

Сот отырысында талапкердің өкілі талап қою арызын қуаттады.

Жауапкер сот отырысында келмеді, тиісті түрде хабарланды, осыған байланыстыіс оның қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдеде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 8-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкер техникалық ерекшелікке сәйкес келетін тауарды жеткізбегендіктен, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз бар. Талапкер Шарт жасасқан кезде алғысы келгенді ала аламағандықтан, сондықтан онымен шартты бұзуға сол себеп болған. Талапкер сотқа жүгінудің 30 күн мерзімін сақтаған.

Бұрын пайдаланылған тауарды жеткізу шартты тиісті түрде орындамаған болып табылады.

Соған орай талапкердің жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы қанағаттандырылуға жатады.

Бұлай болғанда, талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық-процестік кодекстің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріліп алуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) жауапкер Даурен Батырбекович Ниязов жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Даурен Батырбекович Ниязов жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 11.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2025, судья Кусманова А. К., 12.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер Даурен Батырбекович Ниязов жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж сот шығысы өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 11.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.08.2025, судья Кусманова А. К., 12.08.2025

7119-25-3-1/5002